

2024-2026 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы

Жобаның атауы: Түркістан облысындағы дәріге-төзімді эпилепсиямен ауыратын науқастардың генетикалық профилінің зерттелуі.

ЖТН: AP23489425

Жобаның жалпы қаржысы: 99 995 115,00 (тоқсан тоғыз миллион тоғыз жүз тоқсан бес мың жүз он бес) теңге 00 тиын

Жоба жетекшісі: PhD, аға оқытушы Нұрдинов Н.С.

Тақырыптың өзектілігі: Жобаның жаңашылдығы - ол Түркістан облысында ТЭС және биоинформатикалық әдістерді қолдану арқылы алғаш рет эпилепсияның генетикалық профилін жасау, сонымен қатар дәріге-төзімді эпилепсияны дамуының потенциалды биомаркерлерін анықтау болып табылады. Себебі, бүгінгі таңға дейін Қазақстанда бұл бағытта аз ғана зерттеулер жүргізілген, бірақ бұл зерттеулердің дәріге-төзімді эпилепсияға (ДТЭ) қатыстылығының болмауы және өте шектеулі әрі жеткіліксіз түрде жүргізілуі аурудың толық бейнесін жасауға мүмкіндік бермеген. Жоғарыда келтірілген деректердің барлығы ДТЭ-ның алдын алудың тиімді шараларын табудың маңыздылығын көрсетеді, өйткені салдармен күресу әлдеқайда қиын және бұл тек денсаулық бағыты үшін ғана емес сондай-ақ, әлеуметтік-психологиялық зардаптармен күресуде және ұлттық медициналық сақтандыруға қаржылық жүктемені азайтуда да тиімді болып саналмайды. Жоба идеясының Қазақстанда баламасы жоқ деуге негіз бар, себебі жоба өзінің бұл масштабта алғаш орындалуымен және алынатын әрбір зерттеу нәтижелерінің эпилепсия науқастарының симптомдарының жеңілдетілуіне, аурудың алдын алуға, ерте диагностикасын анықтауға және жаңа емдеу стратегиясының қалыптасуы туралы білімді байытуымен және толық, жүйелі ғылыми пайым беруімен ерекшеленеді.

Жобаның ғылыми жаңалығы эпилепсия сияқты генетикалық гетерогенді жағдайларда ТЭС-пен жаппай параллельді секвенирлеу, әсіресе трио-негізделген талдау кезінде ең жақсы диагностикалық нәтиже берді, яғни ТЭС талдауы - ең озық зерттеу технологияларының класына жатады және адам геномына тиесілі барлық экзомаларды сканерлеу арқылы аурудың болжаушы маркерлерін немесе полиморфизм гендерін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, эпилепсияда бірнеше микро-матрицалық және мақсатты зерттеулер 100-ден астам миРНК-лардың өзгерген экспрессиясын анықтады. Осылардың ішінен miR-146a, miR-155 және miR-132 негізінен эпилепсияға байланысты нейроинфламация, нейрондық өсу, нейропротекция және нейродегенерация сияқты биологиялық процестердегі рөлі үшін ерекшеленген. МиРНК жинағы бақыланатын және рефрактерлі ұстамалары бар емделушілер арасындағы қан деңгейлерінің айырмашылығын көрсетті, бұл олардың ДТЭ ықтимал биомаркерлері болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Тақырыптың мақсаты: Жобаның негізгі мақсаты – Түркістан облысында жекелеңдірілген диагностика мен емдеу әдістерін оңтайландыруда эпилепсияның дәріге төзімділігімен байланысты гендік нұсқалар мен мРНК экспрессия деңгейлерін анықтау арқылы эпилепсияның дамуындағы маңызды рөл ойнайтын белгісіз генетикалық және эпигенетикалық механизмдердің мәнін ашу.

Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер:

- Бұл зерттеу нәтижесінде Түркістан облысына тиесілі эпилепсия ауруының генетикалық профилі алғаш рет жасалатын болады;
 - Дәріге-төзімді эпилепсияның предиктор биомаркерлері мен полиморфизм гендері анықталады және дәріге-төзімді эпилепсияның механизмдері мен гипотезаларын жаңаша түсінуге мүмкіндік береді;
 - Жобаның соңында дәріге төзімділіктің шынайы болжамды генетикалық және эпигенетикалық маркерлерін анықтау - эпилепсия генетикасы саласын одан әрі ілгерілетуге және клиникалық жағдайларда қолдану (генетикалық маркерлер негізінде дәріге төзімділіктің даму қаупі бар науқастарды ерте анықтау арқылы клиницистерге диагностика және емдеу бойынша жеке шешімдер қабылдау) мүмкіндігіне қызмет етеді.
- Жоба шеңберінде жарияланатын мақалалар:
- Science Citation Index Expanded индекстелетін және Web of Science базасында импакт-

фактор квартилі 1 (бірінші) және (не) 2 (екінші) кіретін және (немесе) CiteScore бойынша Scopus базасында кемінде 65 (алпыс бес) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу;

- сонымен қатар кемінде ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу.

Зерттеу тобының мүшелері:

№	Аты-жөні	Scopus Author ID	Researcher ID	ORCID	Жобадағы қызметі
1.	Нұрдинов Нұрсұлтан Сейсенбайұлы	Scopus Author ID: 5720573289 8	Researcher: AAX-7747- 2021	ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5341-7211	Жоба жетекшісі, Бас ғылыми қызметкер
2.	Нускабаева Гульназ Оразбековна	Scopus Author ID: 5694071610 0	Researcher: DKY-4438- 2022	ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2906-1427	Жетекші ғылыми қызметкер
3.	Хамдиева Озада Хакимовна	Scopus Author ID: 5721002150 8	Researcher: C-8265-2015	ORCID: 0000- 0002- 3990-4512	Жетекші ғылыми қызметкер
4.	Жунусова Гульнур Сагиндыковна	Scopus Author ID: 5640329070 0	Researcher: O-4112-2014	ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8642-9577	Ғылыми қызметкер
5.	Диханбаева Гульмира Амангельдиевна	Scopus Author ID:	Researcher:	ORCID:	Ғылыми қызметкер
6.	Рустемова Сандугаш Абдуллаевна	Scopus Author ID: -	Researcher: JOP-7705- 2023	ORCID: orcid.org/my-orcid?orcid=0000-0003-3032-2513	Ғылыми қызметкер
7.	Садыкова Карлыгаш Жарылкасыновна	Scopus Author ID: 5694084590 0	Researcher: -	ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9120-8565	Ғылыми қызметкер
8.	Саруаров Ерболат Галымжанович	Scopus Author ID: 5719270156 0	Researcher: ACG-4084- 2022	ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1786-5209	Ғылыми қызметкер
9.	Баймаханова	Scopus	Researcher: -	ORCID: -	Кіші ғылыми

	Гульзира Сабитовна	Author ID: -			қызметкер
10.	Азизходжаева Динара Шавкатовна	Scopus Author ID: -	Researcher: -	ORCID: -	Кіші ғылыми қызметкер